

## **ERG-дің еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты**

*Бұл құжатта "Компания" немесе "ERG" Eurasian Resources Group S.a.r.l. дегенді білдіреді және қажет болған жағдайда оның барлық еншілес ұйымдарын қамтиды.*

ERG Менеджерлер кеңесі басқарудың барлық деңгейлерінде еңбек қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің сәтті жұмыс істеуін бүкіл Компанияның ұзақ мерзімді табысының маңызды шарты ретінде қарастырады.

Біздің қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің, келушілеріміздің және жергілікті қауымдастықтардың денсаулығына кез келген зиянның алдын алуға, сондай-ақ біз өз қызметімізді жүзеге асыратын өнімдердің қолайлы қоршаған ортасын сақтауға болады деп сенеміз.


Компания өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдерде біз еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мынадай міндеттемелерді өзімізге аламыз:

1. Еуразиялық Топтың барлық тиісті заңнамалық және ішкі талаптарын сақтау;
2. барлық кәсіпорындарда осы саясатты тиісті және дәйекті енгізу үшін танылған басқару жүйесін, еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік тәжірибелер мен бағдарламаларды әзірлеу, енгізу, қолдау және жақсарту;
3. тәуекелдерді бағалау негізінде еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жақсартулар үшін Еуразиялық Топтың барлық кәсіпорындарының бірінші басшыларының есептілігін қамтамасыз ету;
4. барлық қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттерін түсінуді және өз іс-әрекеттері, еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ұстанымдылығы үлгісінде көрініс табатын таныстыруды қамтамасыз ету;
5. біздің саясатымызды енгізуге мониторинг жүргізу;
6. тұрақты аудиттер және қол жеткізілген нәтижелерді талдау арқылы еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйесін сенімді бағалауды жүзеге асыру;
7. тренингтер, коммуникациялар және тұрақты есеп беру арқылы қызметкерлердің, мердігерлердің және мүдделі тараптардың еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелер мен бағдарламаларға тиімді қатысуын ынталандыру, сондай-ақ құзыреттілігін арттыру;
8. бизнесті жоспарлау және шешім қабылдау процестерінің ажырамас бөлігі ретінде еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін есепке алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ қабылданған міндеттемелерді іске асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
9. барлық мүдделі тұлғалармен еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ашық және айқын екіжақты байланысты жүзеге асыру;
10. еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мақсаттарына қатысты үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету үшін тиісті мақсаттарды белгілеу және олардың барысын қадағалау.

ERG Менеджерлер кеңесі Компанияның барлық қызметкерлері мен мердігерлерінен еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саясатын сақтауда белсенді ұстанымдылық пен жауапкершілікті талап етеді.

Бас Атқарушы Директор

Бенедикт Сobotка



Ақпан 2016 ж.